

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2275 қаулысының қолданысын тоқтата тұру және негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тараптардың пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизияларды (резервтерді) шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін, оны қалыптастыру ережесін, активтер мен шартты міндеттемелерді күмәнді және үмітсіз санатқа жатқызу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1402 Қаулысы

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тұлғалардың пайдасына не өзара байланысты тұлғалардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизиялар (резервтер) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін, оны қалыптастыру ережесін және активтер мен шартты міндеттемелерді күмәнді және үмітсіз санатқа жатқызу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2275 қаулысының қолданысы 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тараптардың пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз



**міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизияларды (резервтерді) шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесі**

1. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы.

2. «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

5

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 4 0 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тараптардың пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизияларды (резервтерді) шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін қалыптастыру қағидалары**

Осы Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тараптардың пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизияларды (резервтерді) шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Тізбені қалыптастыру қағидалары) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы

Кодексінің 106-бабының 4-тармағына (Салық кодексі) сәйкес әзірленді және күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизиялар (резервтер) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін қалыптастыру тәртібін белгілейді.

1. Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, күмәнді және үмітсіз активтерге қарсы провизияларды (резервтерді) шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін (бұдан әрі – тізбе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды, бұл ретте тиісті қаулының жобасын ұлттық басқарушы холдингтің қолдаухаты бойынша салық саясаты саласындағы уәкілетті орган енгізеді.

2. Тізбеге қосу үшін заңды тұлға мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) мұндай заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі;

2) заңды тұлғаның негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап құқықтарын сатып алу болып табылады;

3) заңды тұлға Салық кодексінің 106-бабының 1 (акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұлттық даму институты болып табылатын банктен басқа), 2 және 3-тармақтарында көрсетілген салық төлеуші болып табылмайды.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

5

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 4 0 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Ұлттық басқарушы холдингтің, сондай-ақ негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тараптардың пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизияларды (резервтерді) шегеруге құқығы бар заңды**

# **тұлғалардың активтер мен шартты міндеттемелерді күмәнді және үмітсіз санатқа жатқызу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру қағидалары**

## **1. Жалпы қағидалары**

1. Ұлттық басқарушы холдингінің, сондай-ақ негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тараптардың пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизияларды (резервтерді) шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың активтер мен шартты міндеттемелерді күмәнді және үмітсіз санатқа жатқызу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленді және активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мынадай мәнге ие:

1) активтер – барлық жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде банктерге қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р ;

инвестициялық қарыз (кредит) – мынадай талаптарға сәйкес келетін қарыз (кредит):

қарыздың (кредиттің) мерзімі бес және одан артық жылды құрайды;

қарыз (кредит) шартының талаптарында мерзімінен бұрын толық өтеуге тыйым с а л у б е л г і л е н г е н ;

қарыз (кредит) ішінара өтелген жағдайда, ішінара өтеу қарыз алушының бизнес-жоспарында көзделген мерзімде және тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін;

қарыз (кредит) материалдық өндірісті, өндірістік және көлік инфрақұрылымын құруға, кеңейтуге және жаңғыртуға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыруды көздейтін оның бизнес-жоспарына сәйкес заңды тұлғаға беріледі;

3) қарыз (кредит) – Ұйымның қарыз, лизинг операцияларын жүзеге асыруы;

4) кредиттік тәуекел – борышкердің (дебитордың) Ұйым алдындағы актив және шартты міндеттемелер жөніндегі міндеттемелерді шарттың талаптарына сәйкес орындамауы не тиісінше орындамауы не осындай орындамаудың (тиісінше орындамаудың) нақты қауіпінің болуы салдарынан шығыстардың (шығындардың) т у ы н д а у т ә у е к е л і ;

5) Ұйым – ұлттық басқарушы холдинг, сондай-ақ негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар;

6) біртекті қарыздар (кредиттер) қоржыны – Біртекті қарыздарды (кредиттерді) жіктеу тәртібі мен шарттары туралы Ұйымның ішкі ережесіне сәйкес бір топқа енгізілетін біртекті қарыздардың (кредиттердің) тобы;

7) провизиялар (резервтер) – нақты активтің құнын жоғалтуға душар болуын тану, ал шартты міндеттеме жағдайында - Ұйымның өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігі немесе активтердің (шартты міндеттемелердің) жиынтығы бойынша шығынға душар болуын тану;

8) қамтамасыз ету құны – бағалау сәтінде оны өткізу (сату) мүмкіндігі ескеріле отырып, ағымдағы сәттегі қамтамасыз етудің нарықтық (әділ) бағасы;

9) активті (шартты міндеттемені) қайта жіктеу – бұрын қалыптастырылған провизия (резерв) сомасы мен қайта жіктеу жүргізілгеннен кейінгі қажетті провизия (резерв) сомасының арасындағы айырма сомаларына ұлғаю немесе азаю жағына провизиялар (резервтер) сомаларының оған қарсы тиісті өзгерістерімен бұрын жіктелген активті (шартты міндеттемені) жіктеу;

10) шартты міндеттеме – Ұйым борышкер (қарыз алушы) үшін үшінші тұлғалардың пайдасына қабылдаған және борышкердің (қарыз алушының) шарт талаптарынан туындайтын кредиттік тәуекелдерін көтеретін міндеттеме.

## **2. Активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу мен күмәнді және үмітсіз активтер мен шартты міндеттемелерге қарсы провизиялар (резервтер) қалыптастыру ерекшеліктері**

3. Провизияларды (резервтерді) Ұйым активтер мен шартты міндеттемелер құнсызданған кезде – актив және шартты міндеттеме кредиттік тәуекелдің іске асырылуы салдарынан құнын жоғалтқан кезде қалыптастырылады.

4. Активті және шартты міндеттемені жіктеу, оларды Ұйымның бухгалтерлік есебінде көрсету Ұйым мен оның борышкері (дебиторы) арасындағы шарт талаптарын өзгертпейді, оның ішінде Ұйымның талап етудің (борыштың) негізгі сомасын және ол бойынша сыйақыны, сондай-ақ борышкердің (дебитордың) шарт талаптарын бұзғаны үшін айыппұлды, өсімпұлды толық көлемде алу құқығына әсер етпейді.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне қойылатын талаптар мен салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша талаптарды қоспағанда, активтер мен шартты міндеттемелер жіктелуге тиіс.

6. Егер қарыз алушы (борышкер, бірлесіп қарыз алушы) салық заңнамасына сәйкес анықталған жеңілдетілген салық салынатын мемлекетте тіркелген адам не салық

заңнамасына сәйкес анықталған жеңілдетілген салық салынатын мемлекетте тіркелген адамнан, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жеңілдетілген салық салынатын мемлекетте тіркелген адамға қатысы бойынша тәуелді немесе еншілес адамнан активтер мен шартты міндеттемелер бойынша борышты талап ету құқығын Ұйым сатып алған жағдайларды қоспағанда, салық заңнамасына сәйкес анықталған жеңілдетілген салық салынатын мемлекетте тіркелген адамға қатысы бойынша тәуелді немесе еншілес тұлға болып табылса, осы Қағидалар қолданылмайды.

7. Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу (қайта жіктеу) және провизиялар (резервтер) қ а л ы п т а с т ы р у :

осы Қағидалардың және Ұйымның ішкі нормативтік құжаттарының талаптары с а қ т а л ғ а н ;

активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) қалыптастыру мақсатында кешенді және объективті талдау жүргізуге мүмкіндік беретін толық және сенімді ақпарат болған кезде жүзеге асырылады.

8. Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу (қайта жіктеу) және провизиялар (резервтер) қалыптастыру осындай жіктеудің уақтылылығы мен провизиялар (резервтер) мөлшері өзгерістерінің Ұйымның есебі мен есептілігінде көрсетілуінің дұрыстығы қ а ғ и д а т ы н а н е г і з д е л е д і .

9. Активтер мен шартты міндеттемелер стандартты және жіктелген болып бөлінеді.

10. Жіктелген актив ол бойынша шарттың талабы орындалмайтын не ол бойынша талап толық көлемде орындалмайды немесе мүлде орындалмайды деп пайымдауға негіз болатын активті білдіреді.

11. Жіктелген шартты міндеттеме ол бойынша үшінші тұлғалардың пайдасына борышкер үшін қабылданған және шарттың талаптарынан туындайтын кредиттік тәуекелдерді көтеретін Ұйымның өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігі бар шартты міндеттемені білдіреді.

12. Жіктелуге жатпайтын активтер пен шартты міндеттемелер стандартты болып т а б ы л а д ы .

13. Жіктелген активтер мен шартты міндеттемелер мынадай санаттарға бөлінеді:  
к ү м ә н д і ;  
ү м і т с і з .

14. Ұйымның жіктелген активтері мен шартты міндеттемелері бойынша провизиялардың (резервтердің) мөлшері осы Қағидалардың 60-тармағының 1) тармақшасында белгіленген өтімділігі жоғары қамтамасыз ету тізбесі бойынша өтімділігі жоғары қамтамасыз ету құнына азайтылған негізгі борыштың (талаптың) с о м а с ы н а н е с е п т е л е д і .

15. Активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеуді (қайта жіктеуді) Ұйым ай сайын барлық активтер мен шартты міндеттемелер бойынша және айдың соңғы жұмыс күніне дейін жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде жіктеу (қайта жіктеу) жүргізудің

белгілі бір күніндегі жай-күй бойынша жүргізіледі.

16. Біртекті қарыздардың (кредиттердің) қоржынын жіктеуді (қайта жіктеуді) Ұйым біртекті қарыздардың (кредиттердің) барлық қоржындары бойынша және жіктеуді (қайта жіктеуді) жүргізудің белгілі бір күніндегі жағдай бойынша тоқсанның соңғы жұмыс күніне дейін жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде жүргізеді.

17. Ұйымдардың қарыз алушылардың (борышкерлердің) кредит төлеу қабілеттілігін талдау кезінде, оның ішінде қарыз алушының қаржылық жағдайын және кепіл құнын бағалау кезінде қолданылатын өлшемдер, сондай-ақ провизиялар (резервтер) құру жөнінде шешім қабылдау және оны орындау рәсімдері осы Қағидалармен, сондай-ақ Ұйымның кредит, инвестициялық және есеп саясатын айқындайтын ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

## **§ 1. Осы Қағидалардың 26-43-тармақтарында көзделген қарыздарды (кредиттерді) қоспағанда, қарыздарды (кредиттерді) жіктеу ерекшеліктері**

1 8 . М ы н а л а р д ы :

Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші орган ұсынымдарының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша және (немесе) Ұйымның басқару органының шешімі бойынша ұсынылған бланкілік қарызды (кредитті);  
бір мезгілде мынадай:

осы Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін ұсынылған;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ұсынылған және (немесе) Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші орган ұсынымдарының негізінде Ұйымның уәкілетті органының шешімі бойынша ұсынылған шарттарға жауап беретін бланкілік қарызды (кредитті) қоспағанда, бланкілік қарыздар (кредиттер) күмәнді және (немесе) үмітсіз активтерге жатқызылмауға тиіс.

1 9 . Е г е р :

кредит берудің жалпы мерзімін ұзарту қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты болмаса және (немесе) қарыз алушыда Ұйым алдында мерзімі өткен және (немесе) шығысқа шығарылған борышы, бірақ бір реттен артық болмаса;

шарт (бас келісімдер шеңберінде жасалған шарттарды қоса алғанда) бойынша



төлемдер мерзімін өзгерту қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты болмаса және (немесе) қарыз алушыда Ұйым алдында мерзімі өткен және (немесе) шығысқа шығарылған борышы (қарызды (кредитті) мерзімінен бұрын өтеуге байланысты кестелердің өзгеруі ескерілместен), бірақ үш реттен артық болмаса мерзімін ұзарту мөлшерін айқындау мақсатында мерзімін ұзартудың болуы ескерілмейді.

20. Мынадай :

Қазақстан Республикасынан тысқары жерде орналасқан (тіркелген) тауарлар, жылжымайтын, жылжымалы мүлік;

Ұйыммен келісім бойынша жүргізілген ауыртпалықтарды қоспағанда, үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық артылған мүлік; мемлекеттік орган салған шектеуі бар мүлік түрінде қамтамасыз ету қабылданған қарыз (кредит) қамтамасыз етілмеген деп танылады.

21. Қарыз алушыларға шетелдік валютада берілген қарыздар (кредиттер) бойынша, қарыз алушы тарапынан тиісті хеджирлеу құралдары көзделмеген валюталық тәуекелдер бойынша «Қаржылық жағдай» өлшемінің жіктеу санаты бір жіктеу санатына төмендейді.

## § 2. Депозиттерді жіктеу ерекшеліктері

22. Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және (немесе) Ұйымның басқару органының шешімдеріне сәйкес орналастырылған депозитті қоспағанда, депозиттер күмәнді және (немесе) үмітсіз активтерге жатқызылмауға тиіс.

23. Standard & Poor's агенттігі берген А тобының рейтингінен төмен емес жеке рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас рейтингі не Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінің бір деңгейінен кем емес жеке рейтингі бар шетел банкінде не Қазақстан Республикасының резидент банкінде орналастырылған (ашылған) депозит (оның ішінде ағымдағы шоты) қаражатты депозиттен, оның ішінде ағымдағы шоттан аудару бойынша кешіктіру болмаған жағдайда стандартты ретінде жіктеледі.

24. Ұйым Standard & Poor's агенттігінің А тобының рейтингінен төмен емес жеке рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас рейтингі бар шетел банкінде депозитін орналастырған ағымдағы шотын ашқан жағдайда Ұйым құжаттамалық расталған деректер негізінде жарты жылда бір реттен кем емес уақытта олардың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді.

25. Standard & Poor's агенттігінің А тобының рейтингінен төмен емес жеке рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас рейтингі бар не Қазақстан Республикасының резидент банкінде Қазақстан

Республикасының тәуелсіз рейтингінің бір позициясынан төмен тәуелсіз рейтингі бар шетел банкінде депозит орналастырған не ағымдағы шот ашқан жағдайда Ұйым құжаттамалық расталған деректер негізінде тоқсанына бір рет олардың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді.

### § 3. Біртекті қарыздарды (кредиттерді) жіктеу ерекшеліктері

26. Ұйымның ішкі кредиттік саясатында анықталған шарттарда берілген және бір қарыз алушыға тәуекелді бағалау күніндегі мөлшері жиынтығында Ұйымның меншікті капиталы шамасының 0,02 проценттен аспайтын қарыздар (кредиттер), егер осы Қағидалардың 31-тармағында өзгеше белгіленбесе, біртекті қарыздардың (кредиттердің) қ о р ж ы н ы н а қ о с ы л а д ы .

27. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен белгіленген және жобаларды Қазақстан Республикасының экономикасын оның басым салаларында жаңғыртуға және әртараптандыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес іске асыратын заңды тұлғаларға берілген қарыздар (кредиттер) біртекті қарыздардың (кредиттердің) қ о р ж ы н ы н а қ о с ы л м а й д ы .

28. Ұйым біртекті қарыздардың (кредиттердің) қоржыны бойынша провизиялар (резервтер) қалыптастыру туралы шешім қабылдаған кезде Ұйымның ішкі кредиттік саясатында мыналар көзделуге тиіс: қолданылатын біртектілік белгілерінің тізбесі; топтау жүргізу тәртібі, әдістері, мерзімдері; мониторинг жүргізу тәртібі; провизияларды (резервтерді) жіктеу (қайта жіктеу) және қалыптастыру, олардың мөлшерін оларға қарсы ұлғайту немесе өзгерту жағына өзгерту әдістемесі мен р э с і м д е р і .

29. Қарыздардың (кредиттердің) біртектілігінің белгілері мыналар болуы мүмкін: қ а р ы з а л у ш ы н ы ң т ү р і ; к р е д и т б е р у т е х н о л о г и я с ы ; н ы с а н а л ы м а қ с а т ы ; қ а м т а м а с ы з е т у т ү р і ; к р е д и т б е р у м е р з і м і ; Ұйымның ішкі кредиттік саясатымен анықталған әр түрлі кредит беру бағдарламалары бойынша өзге де белгілер. Мыналар біртектілік белгілері болмайды: мерзімі өткен борыштардың болуы немесе болмауы; мерзімі өткен борыштар күндерінің саны; жеке алынған қарыздар (кредиттер) бойынша кредиттік тәуекелдер деңгейі; м е р з і м і н ұ з а р т у л а р с а н ы .

30. Әдістеме біртекті қарыздарды (кредиттерді) күмәнді және үмітсіз санатқа жатқызу тәртібін анықтауға тиіс.

31. Ұйым Ұйымның ішкі кредиттік саясатында көрсетілген біртектілік белгілерін иеленетін қарыздарды (кредиттерді) Ұйымның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен біртекті қарыздардың (кредиттердің) қоржынына енгізбеуге қ ұ қ ы л ы .

32. Қарызды (кредитті) біртекті деп тану, сондай-ақ қарызды (кредитті) біртекті қарыздардың (кредиттердің) қоржынына енгізу шарт талаптарының негізінде оған қол қ о й ы л ғ а н кү н і жү р г і з і л е д і .

33. Шартқа қол қойылғаннан кейін осы Ереженің 34-тармағында көзделгеннен басқа кез келген талап өзгерген кезде біртекті қарыздардың (кредиттердің) қоржынын қайта топтауды өзгертуге әкеп соқтырмайды.

34. Егер қарыздың (кредиттің) тәуекелді бағалау күніндегі мөлшері Ұйымның меншікті капиталы шамасының 0,02 процентіне тең болса немесе одан асса, қарызды (кредитті) біртекті деп тану тоқтатылады.

35. Олар бойынша біртекті деп тану тоқтатылған, сондай-ақ біртекті қарыздардың (кредиттердің) тобына енгізілмеген қарыздар (кредиттер) осы Қағидалардың 50-60-тармақтарына с ә й к е с жі к т е л е д і .

36. Ұйымның біртекті қарыздар (кредиттер) бойынша тәуекеліне баға беру әдістемесі жалпы алғанда жекелеген қарыздар (кредиттер) сапасының кемуіне және мұндай қарыздардың (кредиттердің) қоржыннан алынуына байланысты провизиялар (резервтер) мөлшерінің өсуін көздемеуі тиіс.

37. Егер біртекті қарыздар (кредиттер) қоржынына енгізілген 30 (отыз) және одан артық күндік мерзімі бар мерзімі өткен борыштардың мөлшері (проценттік үлесі) біртекті қарыздар (кредиттер) қоржыны бойынша іс жүзінде құрылған провизиялардың (резервтердің) мөлшерінен артық болса, онда Ұйым құрылған провизиялардың (резервтердің) мөлшері мен 30 (отыз) және одан артық күн мерзімімен мерзімі өткен борыштардың мөлшері арасындағы айырма сомасына провизияларды (резервтерді) қ о с ы м ш а қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

38. Біртекті қарыздар (кредиттер) қоржыны бойынша активтердің жіктемелік санаты осы Қағидаларға 1-қосымшаның 4-кестесіне сәйкес анықталады.

39. Ұйым тоқсанына кемінде бір рет біртекті қарыздар (кредиттер) қоржыны бойынша кредиттік досьеге қоржынға жүргізілген талдау және оның нәтижелері туралы ақпаратты құжаттамалық ресімдейді, оның ішінде ұйымның біртекті қарыздар (кредиттер) қоржыны бойынша кредиттік тәуекел мөлшері туралы тұжырымдарын, сондай-ақ провизиялардың (резервтердің) есебі туралы ақпаратты енгізеді.

#### **§ 4. Дебиторлық берешекті жіктеу ерекшеліктері**

40. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін іске асыру салдарынан және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және (немесе) Ұйымның басқару органының шешімдеріне сәйкес пайда болған дебиторлық берешекті қоспағанда, дебиторлық берешек күмәнді және (немесе) үмітсіз активтерге жатқызылмауға тиіс. Бұл ретте дебиторлық берешек деп Ұйымның жедел, қайтарымдылық және өтеусіз (процентсіз) негізде қарыздар (кредиттер) беруі салдарынан және (немесе) Ұйымның шартты міндеттемелерді орындауы салдарынан туындаған берешек түсініледі.

41. Дебиторлық берешекті өтеу мерзімін куәландыратын құжаттармен расталмаған дебиторлық берешек пайда болған жағдайда, мұндай дебиторлық берешек мерзімі өткен деп саналады және осы Қағидаларының талаптарына сәйкес пайда болған сәттен бастап он күнтізбелік күн өткен соң жіктелуге жатқызылады.

42. Дебиторлық берешекті өтеудің мерзімі өткен жағдайда дебиторлық берешек «Өтеу мерзімінің өтуі» және «Қарыз алушыда (борышкерде) рейтингтің болуы» өлшемдері бойынша жіктеледі.

43. Дебиторлық берешекті өтеудің мерзімі өткен жағдайда және егер бір дебитор есебінен дебиторлық берешек Ұйымның меншікті капиталының 5 (бес) процентінен астамды құраса, дебиторлық берешек «Қаржылық жағдай», «Өтеу мерзімінің өтуі» және «Қарыз алушыда (борышкерде) рейтингтің болуы» өлшемдері бойынша жіктеледі.

## **§ 5. Шартты міндеттемелерді жіктеу ерекшеліктері**

44. Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші орган ұсынымдарының негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін іске асыру салдарынан және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және (немесе) Ұйымның басқару органының шешімдеріне сәйкес пайда болған шартты міндеттемелерді қоспағанда, шартты міндеттемелер күмәнді және (немесе) үмітсіз активтерге жатқызылмауға тиіс.

45. Олар бойынша ақша түрінде өтелуі бар және Ұйым бухгалтерлік есебінің тиісті шоттарында көрсетілген міндеттемелерді қоспағанда, Ұйымның шартты міндеттемелері жіктелуге жатады.

46. Қарыз алушының (борышкердің) қаржылық жағдайы нашарлаған және (немесе) сыйақы төлеуде кідіріс болған жағдайда шартты міндеттеме «Қаржылық жағдай» және «Өтеу мерзімінің өтуі» өлшемдері бойынша жіктеледі.

47. Ұйым шарт талаптарынан туындайтын өз міндеттемелерін орындау кезінде туындайтын талаптар, егер шартта оны қарызға (кредитке) қайта ресімдеу көзделмесе, міндеттемелер сомасына дебиторлық берешек қайта ресімделеді.

## **§ 6. Өзге де активтерді жіктеу ерекшеліктері**

48. Ұйымның бағалы қағаздар қоржынында орналасқан бағалы қағаздар бойынша талаптар мен мынадай тиісті анықтамаларды күмәнді және (немесе) үмітсіз активке жатқызуға болмайды:

Standard & Poor's агенттігінің «BBB-»-дан төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы бар немесе басқа да рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzAAA»-дан төмен емес немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар;

Standard & Poor's агенттігінің «BBB-»-дан төмен емес халықаралық рейтингісі бағасы бар немесе басқа да рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzAAA»-дан төмен емес немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас рейтингі бар эмитенттер акциялары.

49. Ұйым инвестициялары (салымдары) заңды тұлғаның акцияларына (жарғы капиталындағы қатысу үлесі), сондай-ақ Standard & Poor's агенттігінің «BBB-»-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингтік агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар күмәнді және (немесе) үмітсіз активке жатқызуға болмайды.

**3. Активтер мен шартты міндеттемелерді (инвестициялық қарыздарды (кредиттерді) және олармен байланысты шартты міндеттемелерді, сондай-ақ біртекті қарыздар (кредиттер) қоржынына енгізілген қарыздарды (кредиттерді) қоспағанда) жіктеген кезде өлшемдерді пайдалану ерекшелігі**

**§1. Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғаларға арналған өлшемдерді пайдалану ерекшелігі**

50. Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар активтер мен шартты міндеттемелерді (инвестициялық қарыздарды (кредиттерді) және

олармен байланысты шартты міндеттемелерді, сондай-ақ біртекті қарыздардың (кредиттердің) қоржынына енгізілген қарыздарды (кредиттерді) қоспағанда) жіктеген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1, 4-кестелері қолданылады.

51. Қарыздарды (кредиттерді) жіктеген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-кестесінің 1-5-тармақтарында көзделген өлшемдер пайдаланылады.

52. Депозиттерді жіктеген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-кестесінің 1, 2, 5-тармақтарында көзделген өлшемдер пайдаланылады.

53. Дебиторлық берешекті, бағалы қағаздарды жіктеген кезде Ұйымның бағалы қағаздар қоржынында орналасқан акцияларды жіктеуді қоспағанда, осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-кестесінің 1, 2, 5-тармақтарында көзделген өлшемдер пайдаланылады.

54. Ұйымның бағалы қағаздар қоржынында орналасқан акцияларды жіктеген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-кестесінің 1 және 5-тармақтарында көзделген өлшемдер пайдаланылады.

55. Шартты міндеттемелерді жіктеген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-кестесінің 1, 2, 5-тармақтарында көзделген өлшемдер пайдаланылады.

56. Активтің (шартты міндеттеменің) жіктеу санаты активті (шартты міндеттемені) бағалау баллдарының жалпы санын негізге ала отырып, тиісті өлшемдер бойынша анықталады.

57. Провизиялар (резервтер) осы Қағидаларға 1-қосымшаның 4-кестесіне сәйкес жіктеу санатын ескере отырып және тиісті мөлшерлерде анықталады.

Салық салу мақсатында осы Ережеге сәйкес құрылған провизиялар (резервтер) мына формула бойынша анықталатын коэффициентте түзетіледі:

$$ЖЖТ = \frac{Т}{К} \text{ м ұ н д а ғ ы ,}$$

К - к о э ф ф и ц и е н т ,

ЖЖТ - түзетулерді ескере отырып салық кезеңі ішіндегі жылдық жиынтық табыс,

Т - салық кезеңі ішінде жиынтық жылдық кіріске қосылған (қосылуға жататын) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі және (немесе) Ұйымның Директорлар кеңесінің шешімі және (немесе) тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңы нәтижесінде пайда болған активтер бойынша алынған кірістер. Осы көрсеткіш Салық кодексінің 99-бабына сәйкес жиынтық жылдық кірістен алынып тастауға жататын кірістерді қамтымайды.

58. Қарыз алушының (борышкердің, қарыз алушының) қаржылық жағдайы осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес айқындалады.

59. Қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық жағдайы - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның, жеке тұлғаның қызметі:

1) тұрақты – қарыз алушының (тең қарыз алушының) қаржылық жағдайы тұрақты; төлем қабілеті бар, қаржы тасқындары қарызға қызмет көрсетуге мүмкіндік береді; 3-

қосымшаға сәйкес есептелген коэффициенттердің қолайлы маңызы; бизнесті дамытуға оң нарықтық шарттар бар; нарықта жақсы бәсеке позициясы бар; ресурстар мен капитал нарығына еркін қол жеткізеді, саны шектелген жеткізушілерге тәуелділігі жоқ, шарттың қолданыс мерзімі кезінде қарыз алушының тең қарыз алушының қаржылық жағдайын нашарлатуға мүмкіндік беретін ішкі және сыртқы факторлар анықталған жоқ, қарыз алушының Ұйыммен өзінің міндеттемелері бойынша есептесу мүмкіндігі күмән тудырмайды, мерзімі бойынша активтер мен міндеттемелері шамалас; қарыз алушы (тең қарыз алушы) оң кредиттік тарихқа ие;

2) қанағаттанарлық - «тұрақты» сипаттамасына жақын осы санаттағы қарыз алушының (тең қарыз алушының) қаржылық жағдайы, бірақ, оның осы деңгейде ұзақ уақыт бойына ұстап тұру ықтималдылығы төмен болып табылады; 3-қосымшаға сәйкес есептелген коэффициенттердің қолайлы маңызы; кірістердің, төлем қабілеттілігінің деңгейінің төмендеуі байқалды; динамикада ақша ағындарының елеусіз азаюы байқалды, ақша ағындары борыштың негізгі бөлігін жапты; қарыз алушы (тең қарыз алушы) өзінің қаржылық жағдайын жақсарту үшін шаралар қабылданады; жеткізушінің тауарларын, қызмет көрсетулерін және қарыз алушы тең қарыз алушы өнімдерін тұтынушылардың шоғырлануының ең төменгі тәуекелі жоқ қарыз алушының (тең қарыз алушының) қосымша ресурстарға қол жетімділігі бар болуына байланысты Ұйыммен өз міндеттемелері бойынша есеп айырысуға қабілеттілігі күмән туғызбайды;

3) тұрақсыз – қарыз алушы (тең қарыз алушы) өз міндеттемелері бойынша мынадай факторлардың байқалуына байланысты Ұйыммен есептесе алмайды деген толық ықтималдық бар: қарыз алушының (тең қарыз алушының) тұрақты және елеулі қаржылық жағдайының нашарлау белгілері бар; шығынмен жұмыс істеу, төлем қабілеттілігінің төмен деңгейі, нарықтық үлесінің тұрақты түрде азаюы; сонымен бірге қарыз алушының өз қаржылық жағдайын тұрақтандыруына және жақсартуына сенім жоқ қарыз алушының (тең қарыз алушының) Ұйым алдындағы өз міндеттемелері бойынша есеп айырыса алмау ықтималдылығы жоғары; қарыз алушыға 1 жылдан астам емес мерзімге санақ жарияланған; қарыз алушыға (тең қарыз алушыға) материалдық зиян шектірген, бірақ оның қызметін тоқтатпаған төтенше жағдай, сондай-ақ басқа жағдай орын алған; қарыз алушының (тең қарыз алушының) кредиттік досьесі немесе қарыз алушының қаржылық жағдайын бағалауға қажетті мәліметтер жоқ;

4) өте қиын – қарыз алушы (тең қарыз алушы) өз міндеттемелері бойынша мынадай факторлардың байқалуына байланысты Ұйыммен есептесе алмайды деген толық ықтималдық бар: 3-қосымшада көрсетілген барлық көрсеткіштер бұзғандығы расталатын қарыз алушының (тең қарыз алушының) қаржылық жағдайының тұрақты нашарлауы шиеленісті деңгейге жетті; нарықтық позициясын жоғалту; қарыз алушының теріс меншік капиталының болуы; қарыз алушыға 1 жылдан астам мерзімге санақ жариялануы; қарыз алушының банкрот деп танылуы; қарыз алушыға (тең қарыз алушыға) материалдық зиян шектірген және/немесе оның өз қызметін

жалғастыруға мүмкіндік бермейтін төтенше жағдай бар. Ұйымның ішкі нормативтік құқықтық құжаттарында белгіленген тәртіппен кредиттеу бойынша құжаттаманы жүргізу талаптарына сәйкес кредиттік мониторинг бойынша құжаттаманың жоқтығы  
д е п ж і к т е л е д і .

Дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалардың қаржылық жағдайы шоғырландырған негізде ұлттық басқарушы холдингтің қаржылық жағдайына қарағанда төмен жіктелмейді.

60. Қамтамасыз ету сапасы былайша жіктеледі:

1) сенімді – жиынтығы актив бойынша қарыз алушының кемінде 100 процент міндеттемелерін жабатын өтімділігі жоғары қамтамасыз ету (негізгі борыш және бірінші тоқсанның ішінде қарыз (кредит) пайдалануға сыйақы алуға қажетті, сондай-ақ жеңілдік берілген кезеңдегі сыйақы бойынша, егер мұндай жеңілдікті Ұйым берсе),  
м ы н а л а р т ү р і н д е :

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктер (кепілдемелері);

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

заңды тұлғалардың - Қазақстан Республикасы резидент еместерінің, оның ішінде Standard & Poor's агенттігі берген «А» тобынан төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің кепілдіктері (кепілдемелері);

заңды тұлғалардың - Қазақстан Республикасы резиденттерінің, оның ішінде Standard & Poor's агенттігі берген «А-» тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент банктердің кепілдіктері (кепілдемелері);

Standard & Poor's агенттігі берген «А-» тобынан төмен емес қаржылық сенімділік рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингтік агенттіктердің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру полистері; кредитор банктің депозитіндегі ақша кепілі;

мемлекеттік мәртебесі бар, шет мемлекеттердің Үкіметтері және орталық банктері шығарған, Standard & Poor's агенттігі берген «А-» тобынан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бағалы қағаздар;

монетарлық қымбат бағалы металдар;

Қазақстан Республикасының бірінші сыныпты эмитенттерінің вексельдері;

Standard & Poor's агенттігі берген «А» тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе Moody's Investors Service немесе Fitch рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдары шығарған бағалы қағаздар;

Standard & Poor's агенттігі берген «А-» тобынан төмен емес борыштық рейтингі



